

А. Сапарғали, 2-курс

*Ғылыми жетекші — Қ. Қ. Адильбекова, аға оқытушы, заңтану магистрі
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекет Тәуелсіздікке ие болғаннан бергі 25 жыл ішінде Қазақстан Республикасында барлық құқықтық жүйелерді түпкілікті өзгерту үрдісі тоқтаған емес. Олардың негізгі мақсаты — дамыған нарықтық экономиканы, демократиялық қоғамды және құқықтық мемлекетті құруға бағытталған.

Медиация — бұл, дау-жанжалға қатысушылардың, біріге отырып, пайда болған келіспеушілікті шешу үрдісі. Айтылған үрдістің белгілі бір жетістіктерге жету мүмкіндіктері зор, себебі бұнда ерекше процессуалдық жағдайлармен қатар медиатордың кәсіпкерлік көмегі, жақтардың бір келісімге келуіне бағытталған. Медиацияны кең танылған бітістіру мен табыстыру рәсімдерінің «кемелденген түрімен» салыстыруға болады. Медиация көптеген ғасырлар бойы бейбітшілікті орнықтыру қызмет жолында қолданылғаны мәлімⁱ. Медиация әлемдік тәжірибеде ұсақ отбасылық жанжалдардан бастап, үлкен қаржылық дауларды шешкенде қолданылады. Қарапайым тілде айтқанда медиация — дауласқан екі тарапты сотқа жүгінбей-ақ олардың дау-дамайларын шешу. Медиацияның мақсаты — дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендетуⁱⁱ.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табыладыⁱⁱⁱ.

Медиацияның қолданылмайтын кезі: дауласушы жақтың біреуі мемлекеттік орган, заңды тұлға және сот әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлға болған кезде және ауыр қылмыстық істер, сыбайлас жемқорлық орын алған жағдайда қолданылмайды. Медиацияның бір ерекшелігі ол ерік, теңдік, қалау арқылы жүзеге асырылады, яғни талапкер мен жауапкер өз еріктерімен медиаторға көмек сұрап жүгіне алады, сәйкесінше медиаторда олармен іс жүргізген уақытта ол істі шеше алмайтынына көзі жетсе, онда ол істен өз еркімен бас тарта алады. Медиацияны басқа тілмен айтқанда, даудың субъектілері асқан белсенділікпен іске қатысатын құбылыс болып табылады. Медиацияның соттың шешімінен айырмашылығы бар. Соттың шешімі орындауды талап етеді, әрі биліктік шешім болғандықтан оған үнемі қарсылықтар кездеседі, ал медиация шешіміне екі жақ тарапта қарсылықтар көрсетпейді, себебі олар өз шешіміне балаларындай қарайды.

Тәжірибе көрсеткендей медиацияға көбіне өзінің уақытын, қаржысын, абыройы мен іс-жүргізудің құпиялылығын сақтағысы келетін адамдар сұраныс білдіреді. Соттағы секілді әр тарап өзінің кінәсіздігін дәлелдейтін, қарсы тараптың кемшіліктерін көрсету барысында қарбаласып жүріп түрлі келеңсіз құбылыстарға жолығып, бұрынғы серіктес, әріптестерімен келіспей жатады. Ал медиацияда әр тарап бірлесіп ортақ, тиімді шешім шығаруда өздерінің сыйластығын сақтап қала алады^{iv}.

Медиатор іс жүргізу барысында талапкер мен жауапкерді жеке-жеке немесе бірге тыңдай алады, жүргізген жұмыстары құпия болады. Медиатордың екі түрі бар: жоғарғы білімі бар, 25 жасқа жеткен, ҚР Медиаторлар ассоциациясынан (одағынан) арнайы оқығандығын растайтын сертификаты бар тұлғалар кәсіби медиатор бола алады. Ал, 40 жасқа толған азаматтар кәсіби емес медиатор бола алады^v. Кәсіпқойлар тізімін Ассоциация жасайды, ал кәсіби емес негізде медиатор болғысы келетіндер тұрғындар жиыны хаттамасының негізінде жергілікті атқару орындарына келуі тиіс. Әрине, мұндай адамдар халық алдында кіршіксіз беделге ие болуы тиіс, билер деген осындай адамдар. Медиатор болып жүріп кез келген салада жұмыс істеуге болады, медиаторлар ақысыз қызмет көрсетеді деуге болмайды, олар екі тараптың келісімі бойынша төленеді. Мұнымен қатар, мемлекеттік қызметкерлер, тергеуге алынған қабілеті жоқ адамдар, сондай-ақ жазасы өтелмеген немесе сотталғандығы кешірілмеген тұлғалар медиатор бола алмайды. Медиация туралы келісімге қол жеткізгеннен кейін, егер іс сотта қаралса, ол сотта бейбіт келісім секілді мақұлданады. Дауласушы тараптар медиация туралы келісімшарт және сотқа дейінгі тәртіппен жанжалды реттеу туралы келісім жасаған жағдайда, келісім дауласушы тараптар оны ерікті түрде орындауға міндеттеледі дегенді білдіреді.

Қаймағы бұзылмаған, халқымыздың бірлігі жарасқан заманда, шыңыраулы түрме ұстамаған қазақ қоғамындағы неше түрлі даулы мәселелерді, екі ауыз сөзбен ғана шешкен дуалы ауыз билер болғанын тарихтан жақсы білеміз. Міне, енді «Медиация туралы» Заң қазақ халқының бүкіл әлемге үлгі етерлік, ұмытыла бастаған жақсы салт-дәстүрін қалпына келтіруге жасалған игі қадам десек те болады. Осы заңның шығуына заңгерлердің, ғалымдардың, оның ішінде қоғам қайраткері, бір туар, нар тұлға, тоқсан жастан асса да тұғырдан түспеген, марқұм — академик С. Зимановтың көп жылғы тер төккен еңбегінің нәтижесі деп түсінуге болады. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заң қабылдануының өзі осы бағытта жасалған сара жол деуге болады.

«Ескі жолмен ескіргенше, жаңа жолмен жаңару» — қазіргі заман талабы. Медиация жаңа дүние болмаса да, билер институтымен салыстырмалы түрде жүргізілу концепциясы өзгешерек. Солай бола тұра медиацияның ең басты құндылығы — дау-дамайды екі жақ тарапты қанағаттандыра отырып шешуі, бұл құндылық билер институтының да құндылығы екені де естен шықпауы тиіс. Жалпы, медиация қазақ қоғамына жат нәрсе емес, дау-жанжалдарды шешудің балама тәсілі болып табылатындықтан, оған артып отырған үміттеріміздің ақталарына және соның көмегі арқылы еліміздің құқықтық саласының жетілдірілуіне тигізер үлесінің мол боларына сеніміміз мол.

ⁱ Қоспағанбетова И. Медиацияны қалай түсінеміз? // Керек.info. 2011. 16 маусым.

ⁱⁱ Ибрайымов А. Медиатор деген мамандық бар, ол сотқа бармай-ақ дауларды шешіп береді. URL: <http://www.akorda.kz/?p=9802> (2017 жылғы 19 сәуірдегі жолдама мерзімі).

ⁱⁱⁱ Утемисов А. У. Медиация туралы не білеміз? URL: <http://uko.sud.kz/rus/massmedia/mediaciya-turaly-makala> (2017 жылғы 19 сәуірдегі жолдама мерзімі).

^{iv} Инголева В. О законе РК «О медиации» // Де-юре. — 2011. — № 6.

^v Сейілбекқызы А. Кәсіби медиатор мен кәсіби емес медиатордың ара жігі қандай? // Заң газеті. 2011. 10 мамыр.